

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 314 "Ақтөбе облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2019 жылғы 13 мамырдағы № 184 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 мамырда № 6142 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2017 жылғы 11 қыркүйектегі № 314 "Ақтөбе облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5659 тіркелген, 2017 жылғы 29 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ақтөбе облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Ақтөбе облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

О. Оразалин

Ақтөбе облысы әкімдігінің

2019 жылғы 13 мамырдағы

№ 184 қаулысына

қосымша

Ақтөбе облысы әкімдігінің

2017 жылғы 11 кыркүйектегі

№ 314 қаулысына қосымша

Ақтөбе облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі және оларға ақшалай сыйақының мөлшері 1. Көтермелебудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Көтермелебудің тәртібі

2. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге жәрдемдескен, қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелебу мәселелерін Ақтөбе облысы әкімдігімен құрылған комиссия қарайды.

3. Қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге, қоғамдық тәртіпті қорғауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды ақшалай сыйақымен көтермелебу жөніндегі ұсыныстарды комиссияның қарауына Ақтөбе облысы полиция департаментінің бастығы ұсынады.

4. Комиссия қабылдаған шешім - көтермелебу үшін, ал комиссия қабылдаған шешімге сәйкес Ақтөбе облысы полиция департаменті бастығының бұйрығы - көтермелебуге ақы төлеу үшін негіз болып табылады.

3. Ақшалай сыйақының мөлшері

5. Ақшалай сыйақының мөлшерін комиссиямен белгіленеді және ол, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

6. Ақшалай сыйақы төлеу облыстық бюджет қаражаты есебінен Ақтөбе облысының полиция департаментімен жүргізіледі.

7. Көтермелебуге ақы төлеуге арналған қаражат Ақтөбе облысы полиция департаменті шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.